**2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі)**

Қазақстан Рсепубликасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

54, 55, 56, 57, 58, 59, 60-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 54-ҚОСЫМША

202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2421244 мың теңге (екі миллиард төрт жүз жиырма бір миллион екі жүз қырық төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі , "Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 карашадағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы

Қазақстан Республикасының Заңы ; "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы , "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы , "Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын құру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 573 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық басқару жүйесін құру туралы" 1994 жылғы 11 қазандағы N 1159 Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілерді оқытудың тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы" 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысандық және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиісті нормаларын бекіту туралы" 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; "Төтенше жағдайлар саласында хабарлау, білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету ережелерін бекіту туралы" 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 50 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1240 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 111 "Мемлекеттік материалдық резерв жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" қаулысы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы 2004 жылғы 28 қазанындағы N 1112 қаулысы : Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласында өзара іс-қимыл жасау туралы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 1993 жылғы 22 қаңтардағы келісімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің орталық аппараты, Қазақстан Республикасы Төтенше

жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті мен Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті және оның аумақтық органдарының өздеріне жүктелген функцияларды тиімді түрде орындауына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік жүйе мен Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысының басқару органдары үшін білікті мамандар даярлау, ұйымдастыру және есептеу техникасына қызмет көрсету; өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін кәсіптік қызмет саласында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, дағдыларды жаңарту және кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі, қауіпті өндірістік объектілердегі еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, тау-кен қадағалау және Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауды қадағалау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады. Мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, мемлекеттік материалдық резервтер саласында арнайы атқарушылық және рұқсат берушілік функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің орталық аппараты мен Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті және оның аумақтық органдарын ұстау. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, ұйымдастыру және есептеу техникасына қызмет көрсету; өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін кәсіптік қызмет саласында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, дағдыларды жаңарту және кәсіби шеберлігін жетілдіру. Қазіргі заман талабына сай жабдықтар мен ұйымдастыру техникаларын сатып алу. Өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі, қауіпті өндірістік объектілердегі еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, өнеркәсіптік жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, тау-кен қадағалау және Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауды қадағалау, өрт сөндіруді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүй- есін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | 001 | | Орталық органның аппараты | 198 штаттық бірлікті ұстау. Ресей Федера- циясының Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қор- ғаныс академиясында оқитын тыңдаушылардың және олардың отбасы мүшеле- рінің жету орнына және қайтуына көліктік шығындарды қамтамасыз ету. Төтенше жағдайлар саласындағы мерзімдік жур- налдарды шығару, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарды, соның ішінде стандарттарды, ережелерді, нұсқаулық- тарды, қағидаттарды, басшылықтар мен нұсқауларды шығару жөніндегі қызметтерді төлеу. Актив- терді сатып алу: ксерокс 2 бірлік, факстер - 3 бірлік. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы- ның Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті, Төтенше жағ- дайлар сала- сындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 3812 штаттық бірлікті ұстау. Азаматтық қор- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы- ның Төтенше |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғаныс пен төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық және қалалық даярлау орталықтары үшін жабдықтар мен оқытудың техникалық құралдарын: бейне проектор - 16 бірлік, цифрлық бейне камера - 16 бірлік; адамдарды іздеу аспаптары - 9 бірлік, теледидарлар - 4 бірлік сатып алу. | | жағдайлар министрлігінің аумақтық органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті, Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтерудің бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру, соның ішінде мемлекеттік тілге оқытуға қызметтерді сатып алу. Біліктілігін көтерудің курстарын өтетін мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны - 328 бірлік. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу | Ғимараттар мен құрылыстарды, соның ішінде: 1) Павлодар қаласы, Бейбітшілік көшесі, 14 мекен-жайы бойынша орналасқан Павлодар облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының әкімшілік ғимараты, соның ішінде: | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдары |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғимараттың шатыры мен қасбетін; Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Рождественка ауылы мекен-жай бойынша ұзақ сақтаудағы материалдық-техникалық жабдықтау қоймаларын, N 2, 3, 5, 6 қоймалары, қарауыл үй-жайы, өрт ыдысы; 2) Ақтау қаласы, 24-шағын аудан мекен-жайы бойынша орналасқан Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының әкімшілік ғимараты және гараж блоктары; 3) Орал қаласы, Евразия көшесі, 90 мекен-жайы бойынша орналасқан Батыс Қазақстан облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының әкімшілік ғимараты; 4) Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 87 мекен-жайы бойынша орналасқан Ақмола облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының әкімшілік ғимараты; 5) Атырау қаласы, Әуезов | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көшесі, 53-А мекен-жайы бойынша орна-ласқан Атырау облыстық тө-тенше жағдай-лар жөніндегі басқармасының әкімшілік ғимараты;<br>6) Астана қаласы, Сары-арқа көшесі, 89 мекен-жайы бойынша орна-ласқан Астана қаласының тө-тенше жағдай-лар жөніндегі қалалық басқарманың әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу жөніндегі жұ-мыстарды төлеу. | | |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Активтерді сатып алу: офистік жиһаз - 61 комплекті, жұмсақ жиһаз - 11 комплекті, офистік креслолар - 141 бірлік, соның ішінде құны 40 есе айлық есеп-тегіш көрсет-кіштерден аз - 130 бірлік, цифрлік сейф - 10 бірлік, қосу құрылғы-сымен электр дабылы - 18 бірлік, дизел-дік электр станциясы - 1 бірлік, ДР-140 типіндегі УКВ-станциясы - 2 бірлік, көшіру аппараттары - 16 бірлік, факсимилдік аппарат - 6 бірлік, ламинатор - 1 бірлік, автомобиль ГАЗ 3110 - 10 бірлік, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасы-ның Төтенше жағдайлар министрлігінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жолаушылар автобусы - 8 бірлік, "Нива" автомобилі - 12 бірлік, кондиционерлер - 55 бірлік, дозиметр - 1 бірлік, радио станциялар (қолға ұстай-тын, ұшқыр, алып жүретін, автомобилдік және трангик-тік) - 123 бірлік, антенна - 1 бірлік, тюнер - 1 бірлік, нәр алу блогы - 1 бірлік, қуат өлшегіші - 1 бірлік, тораптық сүзгі - 5 бірлік, шу генераторы - 5 бірлік, телефон станциясы - 1 бірлік, серік-тік байланыс терминалы - 5 бірлік, теле-тайп - 4 бір-лік, репитер - 2 бірлік, шағын АТС - 2 бірлік, Турайя телефондары - 2 бірлік, П-166 аппаратура комплектісі - 1 бірлік, се-лектор байла-нысының пульт-тері - 2 бірлік. | | аумақтық органдары |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу-ін қамтама-сыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Активтерді са-тып алу: жергілікті топтар үшін сервер - 1 бірлік, офистік сканер - 16 бірлік, лазер-лік түрлі-түсті принтер - 60 бірлік, жергі-лікті принтер - 11 бірлік және есептегіш | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасы-ның Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдары, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | техника үшін шығыс материалдары, жинақтауыштар мен қосалқы бөлшектер. Телекомму-никациялық қызметтер көр-сету (Интернет торабына қол жеткізу). Ақпараттық жүйелерді қамту және пайдалану жөніндегі қыз-меттер көрсету, соның ішінде: VFP ортасында Республикалық төтенше жағ-дайлар жөнін-дегі автомат-тандырылған ақпараттық-басқару жүйесі (ТЖ ААБЖ), Web-технология-лар, геоақпа-раттық жүйе; ТЖ ААБЖ регла-менттік және арнаулы міндеттерін пайдалану, ТЖА файл-серверлерін-дегі және корпоративтік сервердегі деректер базасын әкім-дендіру; серверлерді әкімдендіру, тораптық операциялық жүйелерді қолдау; компьютерлік графика, ТЖА қызметін фото және бейне қамту. ТЖА Web-сайтын қолдау және дамыту. 45 компьютерге 3 матрицалық принтерге, 18 лазер принтер- | | Қазақстан Рес-публикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік | |

| | | | | леріне, 1 сканерге, 2 қолға алып жүретін компьютерге техникалық қызмет көрсету. | | материалдық резерв комитеті |
|---|---|---|---|---|---|---|

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен аумақтық органдарына, мемлекеттік материалдық резервтер комитетіне, Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетіне жүктелген функцияларды сапалы және уақытында орындау, салааралық үйлестіруді, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, мемлекеттік материалдық резервтер саласындағы арнайы атқарушылық және шешуші қызметтерді жүзеге асыру. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін кәсіби мемлекеттік қызметтік талаптарына сай, қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
55-ҚОСЫМША

202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10115537 мың теңге (он миллиард бір жүз он бес миллион бес жүз отыз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы Бюджеттік кодексі , "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Аварриялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , "Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдар қызметкерлеріне еңбек ақы

төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы , "28237, 52859, 68303 әскери бөлімдерінің Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабына бағыныстылығы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 264 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін беру туралы жекелеген мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 863 қаулысы ; "Еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1185 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 400 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 шілдедегі N 1037 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін беру туралы жекелеген мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 45 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің " Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 40 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; " Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысандық киім-кешектерінің үлгілері мен тиісті нормаларын бекіту туралы" 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1240 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: төтенше жағдай қаупі төнген және туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық жүргізуші объектілерін және аумақтарын қорғау, төтенше жағдайларға дер кезінде мән беру, төтенше жағдайлар туралы ақпарат қабылдау және өңдеу, ұдайы әзірліктегі авариялық-құтқару күштері мен төтенше жағдайларды жою құралдарын тұрақты және үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету. Селдің, қар көшкінінің, жар көшкінінің, опырылып құлаудың алдын алу және олардың зардаптарын жою, сел құбылыстары мен жер сілкінісін болжау, селден қорғау құрылыстарын пайдалануды, Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық жүргізуші объектілерін және жерін қауіпті табиғи құбылыстардың (сел тасқыны, қар көшкіні, жар көшкіні, опырылып құлау,

қатты жер сілкінісі) әсерінен сенімді қорғауды қамтамасыз ету, олардың зардаптарын жоюды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған және оларды жою кезінде олардың тұрақты жұмыс істеуі үшін республикалық шұғыл құтқару отрядын, әскери бөлімдерді, " Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесін, өңірлік аэромобильді авариялық-құтқару отрядтарын қажетті жабдықтармен, автокөлікпен, керек-жарақпен жарақтандыру. Құтқару бөлімшелерін төтенше жағдайлар аймағында авариялық құтқару жұмыстарын жүргізуге трансшекаралық сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезде өзара іс-қимыл ұйымдастыруға оқытып үйрету, өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жетілдіру, өрттің алдын алу және жою, шаруашылық және тұрғын үйлер объектілерін өртке қарсы қорғауды күшейту. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халыққа шұғыл көмек көрсету. Төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықтың алғашқы тіршілігін қамтамасыз етуге арналған тіршілікті қамтамасыз ету құралдарының және материалдық құралдардың қорларын құру. Метеостанция-3 аяқталмаған құрылыс объектісін сақтауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бейбіт уақытта төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға жоғары әзірлікті қамтамасыз ету, жедел мән бейбіт уақытында төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға жоғары әзірлікті қамтамасыз ету, жедел мән беру апат ауданына және алға қойылған жауынгерлік міндетті орындау аудандарына авариялық-құтқару қызметтерін дер кезінде апару, іздестіру-құтқару және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі басқа да шұғыл жұмыстарды жедел жүргізу, жүріп-тұру қиын аудандарда, күрделілігі жоғары объектілерде құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, дүлей зілзаланың, аварияның және апаттың салдарынан зардап шеккендерге шұғыл жәрдем көрсету, төтенше жағдай туралы радиомобильді, радиотелефон, транкілі, спутниктік байланыс түрлері арқылы дер кезінде және тұрақты ақпарат қабылдау, алынған ақпаратты жедел өңдеу, авариялық-құтқару күштері мен төтенше жағдайларды басқару пункттері жедел қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласында мемлекеттік басқару органдарымен үздіксіз және тиімді байланысты қамтамасыз ету. Республикалық және аймақтық жедел құтқару отрядтарының тиімді қызметін, әскери бөлімдердің тұрақты жұмысын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі тиімді іс-қимыл үшін авариялық-құтқару құралдарымен, жабдықтармен, құрал-саймандармен және автокөлік техникасымен қамтамасыз ету. Бақылау және хабарлау қызметтерінің жұмысын, селден қорғау құрылыстарына ағымдағы жөндеу жүргізуді, әуешолу жұмыстарын, мұзарт көлдерді ағызып жіберу жөніндегі алдын алу жұмыстарын, қар көшкінін алдын ала түсіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, жер сілкінісін қысқа мерзімде болжауды қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми-болжау жұмыстарын, бақылау және хабарлау посттарын ұстауды қамтамасыз ету. Күрделі

ауа-райы мен географиялық жағдайларда, күрделілігі жоғары объектілерде құтқару бөлімшелерінің практикалық сабақтары мен жаттығуларын ұйымдастыру және жүргізу, дүлей зілзаланың, авария мен апаттың салдарынан зардап шеккендерге шұғыл жәрдем көрсету жөнінде сабақтар ұйымдастыру және өткізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде авариялық-құтқару құралдарын пайдалануға үйрету. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде дер кезінде мән беру үшін тікұшақтарды тиімді, ұтымды пайдалану. Шатыр лагерлерін құруға арналған материалдық құралдар сатып алу. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамыту және жетілдіру бойынша перспективалық іс-шараларды әзірлеу, кадрлық әлеуетті нығайту, өрт сөндірушілердің құқықтық қорғалуын (кәсіби іріктеу бойынша стандарттар мен құралдар жүйесін құру) қамтамасыз ету, жинақтаудың балама нысандарын енгізу), арнаулы өрт сөндіру бөлімдерінің торабын құру және дамыту, өртке қарсы қызметтің ұйымдық құрылымын жетілдіру (жаңа функциясымен сәйкес қайта құру), өрттен зардап шеккен Мемлекеттік өртке қарсы қызметі қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын нығайту, азаматтардың өлімі мен жарақат алуын азайту жөніндегі шараларды қамтамасыз ету. Метеостанция-3 аяқталмаған құрылыс объектісін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру | | | |
| 2 | | 100 | Республикалық жедел құтқару жасағы | "Республикалық жедел-құтқару отряды" (штат саны 56 бірлік) мемлекеттік мекемесін ұстау. Сатып алулар: "Иртыш" тау-кен барлау жоғарғы өтімді автомоби- | Жыл бойы | "Республикалық жедел-құтқару отряды" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лі - 1 бірлік, жедел-көмекші автомобилі (өзі түсіргіш КамАЗ)- 1 бірлік, (СГУ) дабыл қаққыш дауыс күшейткіш құрылғысы - 10 бірлік, электр-мен дәнекерлеуші алып жүретін аг-регат (автомо-билдік) - 4 бірлік, жедел-құтқару автомо-бильдеріне құрыл-ғылар үшін авто-жүктемелер - 8 бірлік, палатка-лар 6, 20, 40 орындық - 9 бір-лік, жедел-құт-қару автомобиль-дерінің жабдық-тары үшін жарық-тандыру комплек-тісі - 9 бірлік, суға сүңгу киім-кешек жарақтары - 30 бірлік, соның ішінде құрғақ типті су костюмі - 15 бірлік, құрғақ типті суға сүңгу комплектісі - 5 бірлік, ылғал типті суға сүңгу комплектісі - 7 бірлік, фотоап-парат - 1 бірлік, бейне камера - 1 бірлік, су астын-да суретке түсіру үшін жарықтан-дыру комплектісі - 1 бірлік; тау шаңғысы комплек-тісі - 10 бірлік, спорттық трена-жерлар - 3 бірлік, көшпелі электр жылу желдеткіштері - 2 бірлік. | | мемлекеттік мекемесі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 101 | Әскери бөлімдер | Әскери бөлімдерді ұстау (штат саны - 1202 бірлік, соның ішінде 929 шұғыл мерзімдік әскери қызметші). Активтерді сатып алулар: автокөлік - 15 бірлік, соның ішінде: УАЗ санитарлық автомобилі - 1 бірлік, КамАЗ жүк) - 7 бірлік, УАЗ 31514 ( жеңіл) - 5 бірлік, авариялық құтқарушы УАЗ - 1 бірлік, ПАЗ автобусы - 1 бірлік, радио байланыс құралдары - 19 бірлік, соның ішінде: УКВ ұшқыр радио станцияларының комплектісі - 14 бірлік, қуатты күшейткіш - 2 бірлік, УКВ автомобиль радио станциясы - 3 бірлік; компьютерлік және көбейткіш техника - 2 бірлік, соның ішінде: лазерлік принтер - 1 бірлік, компьютер - 1 бірлік; сазды үрмелі оркестр үшін музыкалық аспаптар - 16 бірлік, сазды орталық - 1 бірлік; авариялық құтқарушы құралы - 1 бірлік, авто көліктерге қызмет көрсету жабдығы - 2 бірлік. Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа арналған лагерьлерді жайғастыру | Жыл бойы | 28237, 68303, 52859 Әскери |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үшін жедел резервті сатып алу: автокөлік - 14 бірлік, соның ішінде: НИВА - 2 бірлік, КамАЗ - 3 бірлік, автомобиль шассиіндегі тоңазытқыш (жүк) - 1 бірлік, ЗИЛ автоцистерналары - 2 бірлік, тіркеме цистерналар - 2 бірлік, МАЗ отын құюшысы (жүк) - 1 бірлік, тіркеме - 3 бірлік, авариялық құтқарушы және өрт сөндіру машиналары - 7 бірлік, соның ішінде: залалсыздандырғыш себізгі автомобилі (жүк) - 2 бірлік, су тазалағыш қондырғысы бар "ТАЗА" автомобилі (жүк) - 1 бірлік, КамАЗ өрт сөндіру автомашинасы (жүк) - 1 бірлік, УАЗ санитарлық автомашинасы - 2 бірлік, ассенизациялық ГАЗ машинасы (жүк) - 1 бірлік; палаткалар - 215 бірлік, электр бензин агрегаты - 2 бірлік, су құюға арналған ыдыс - 25 бірлік, далалық жабдықтағы ас үй - 8 бірлік.<br>N 52859 әскери бөлімінің үй-жайын (ғимараттар мен құрылыстар) күрделі жөндеу. | | бөлімдері мемлекеттік мекемелері |
| 4 | | 102 | Аэромобильді өңірлік | Орталық өңірлік жедел-құтқару отряды (штат | Жыл бойы | Орталық өңірлік жедел-құтқару отряды, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жедел-құтқару жасақтары | саны 40 бірлік), Батыс өңірлік жедел-құтқару отряды (штат саны 32 бірлік), Шығыс өңірлік жедел-құтқару отряды (штат саны 32 бірлік), Солтүстік өңірлік жедел-құтқару отряды (штат саны 32 бірлік), Оңтүстік өңірлік жедел-құтқару отряды (штат саны 32 бірлік) мемлекеттік мекемелерін ұстау. Сатып алу: компьютер - 6 бірлік, ноутбук - 2 бірлік; цифрлы фотоаппа-рат - 1 бірлік, қайық - 1 бірлік, суға сүңгу киім-кешек жарақтары - 1 бірлік, алып жүретін радио-станция - 21 бірлік, дауыс-күшейткіш дыбыс құрылғысы - 5 бірлік, автомо-бильдер - 7 бір-лік, соның ішінде: КамАЗ (жүк) - 5 бірлік, Нива (жеңіл) - 1 бірлік, тіркеме - 1 бірлік; байланыс құрал-дары - 6 бірлік, химиялық қорғаныш комплектісі - 15 бірлік, "Тайга" маркалы қарда жүргіші - 1 бірлік, авария-лық-құтқару құралдары мен жабдықтары - 89 бірлік, электр | | Батыс өңірлік жедел-құтқару отряды, Шығыс өңірлік жедел-құтқару отряды, Солтүстік өңірлік жедел-құтқару отряды, Оңтүстік өңірлік жедел-құтқару | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | станциясы - 5 бірлік, катамаран - 1 бірлік, стационарлық радио станциялар - 2 бірлік. | | отряды мемлекеттік мекемелері. |
| 5 | | 103 | Республикалық дағдарыс орталығы | "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін (штаттық саны 25 бірлік) ұстау. Активтерді сатып алу: сөйлесімдерді тіркеу және жазу жүйесі мүмкіндігін жаңарту және кеңейту үшін "Ольха" шатыры - 1 бірлік, бейне қамту және ілеспе аудармамен қамтамасыз ететін конференц-жүйесі - 1 бірлік, телефон желісін радио ұзартқышы - 2 бірлік, алыс байланыстық радиотелефон - 2 бірлік, радиомикрофон - 2 бірлік, (поли экран) бейнеқабырға - 1 бірлік, мультимедиялық бейне проектор - 2 бірлік, жылжымалы басқару пункті - 1 бірлік, компьютерлер - 11 бірлік, ноутбуктер - 13 бірлік, мониторлар - 3 бірлік. | Жыл бойы | "Республикалық дағдарыс орталығын" мемлекеттік мекемесі |
| 6 | | 104 | Қазселденқорғау | "Қазселденқорғау" ММ (штат саны 540 бірлік). 1) Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы | Жыл бойы | "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | он жеті гидротехникалық құрылыстардың, гидрологиялық посттардың, диспетчерлік пункттердің, сейсмополигондардың және бөгеттердің ағымдағы жөндеуін жүргізу, байқау және хабарлау посттарын ұстау, аэровизуалды жұмыстар, мұзарт көлдерді еріту бойынша нақтылы жұмыстар, жер сілкіністерінің қысқа мерзімдік болжаулары бойынша ғылыми-болжамдық жұмыстар, сел көшкіндері және жар сел көшкіндерін профилактикалық түсіру бойынша жарылыс жұмыстары. 2) активтерді сатып алулар: геодезиялық, гидрометрологиялық аспаптар және картографиялық материалдар (жауын-шашынды өлшегіш, плювиограф, гидрометрикалық вертушка, психрометр) - 21 бірлік, байланыс және жабдықтар құралдары - 332 бірлік, соның ішінде: радио станциялар - 180 бірлік, аккумляторлар - 146 бірлік, репиторлар - 6 бірлік; құрылыс техникасы және автокөлік - 17 бірлік, соның | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ішінде: тракторлар - 4 бірлік, экскаватор - 3 бірлік, седелдік тягач - 1 бірлік, седельдік трал - 1 бірлік, автомобиль Нива - 1 бірлік, ГАЗ 33082 - 5 бірлік, УАЗ 31152 - 1 бірлік, қардан тазалағыш - 1 бірлік; ұйымдастыру техникасы және жабдықтар - 124, бірлік, соның ішінде: көшіру аппараты - 10 бірлік, компьютерлер - 25 бірлік, принтер - 22 бірлік, ноутбук - 4 бірлік, факсимилдік аппарат - 10 бірлік, түптегіш аппарат - 8 бірлік, бейне камера -5 бірлік, фотоаппарат - 5 бірлік, теледидарлар - 5 бірлік, серіктік телефоны Турая - 4 бірлік, жұмысшы станциясы - 5 бірлік, серверлер - 9 бірлік, маршрутизатор - 4 бірлік, түрлі түсті плоттер - 1 бірлік, офистік сканер - 4 бірлік, проектор - 1 бірлік, тораптық жабдық HUB - 2 бірлік. | | |
| 7 | | 105 | Төтенше жағдайларды ескерту және жоюды | Жанар-жағар май материалдарын сатып алу, ЖЖМ сақтағаны үшін қызметтер көрсету, Астана қала- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
